

# **ЭЛЕКТРОНДЫҚ SIMPLY ЭМИЯНЫ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚША ОПЕРАЦИЯЛАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БОЙЫНША ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТТЕРИН ҰСЫНУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**

## **1. Келісімнің жалпы бөлімі**

1.1. Осы Электрондық Simply эмияны және электрондық ақша операцияларына қызмет көрсету бойынша төлем қызметтерін ұсыну туралы келісім (бұдан әрі – "Келісім") электрондық Simply эмияны арқылы электрондық ақшаны шығару, пайдалану, өтеу, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен, төлем қызметтерінің мынадай түрлерін көрсететін төлем ұйымы болып табылатын "КАЗЕВРОМОБАЙЛ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен (БСН 070940019233) 05.05.2018 жылғы № 02-18-036 және 26.08.2020 жылғы №0001923 ұсынылатын электрондық ақшамен операцияларды жүзеге асыру шарттарын айқындайды:

- электрондық ақшаны пайдалана отырып, жасалатын төлемдерді қабылдау және өндеу жөніндегі қызметтер,
- ақша жөнелтушінің банктік шотын ашпай, төлемді жүзеге асыру үшін қолма қол ақшаны қабылдау жөніндегі қызметтер,
- клиент бастамашылық жасаған төлемдерді электрондық нысанда өндеу және осы Келісімге қосылған, бұдан әрі "Оператор" деп аталатын, жеке тұлғаға төлем деректері бойынша төлемді және (немесе) аударымды жүзеге асыру немесе ақша қабылдау үшін қажетті ақпаратты банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға беру жөніндегі қызметтер.

1.2. Осы Келісімде мынадай ұйымдар пайдаланылады:

**Абонент** - ұялы байланыс операторы Ұялы байланыс қызметтерін ұсыну туралы шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға.

**Абоненттік номір** – ұялы байланыс операторының желісіне қосылған кезде ұялы байланыс операторы бөлөтін және басқа Абоненттік құрылғылар қосылған кезде желіге қосылған ұялы байланыс абоненттік құрылғысын сәйкестендіретін Абоненттің телефон номірі. Ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы қысқа мәтіндік хабарламаларды (SMS, PUSH, USSD) қабылдауды және жіберуді көздеуі тиіс.

**Авторлану** - Оператормен жүргізілетін Клиент енгізген анықтап танитын деректерді талдау және салыстыру процесі, соның нәтижелері бойынша Клиенттің мобильді қосымша арқылы, оның ішінде электрондық Simply эмиянының көмегімен электрондық ақшамен төлемдер және/немесе аударымдар және өзге де операциялар жасауга қол жеткізу құқығының болуы айқындалады.

**Электрондық ақша агенті (Агент)** - Электрондық ақша әмитеттінен немесе Электрондық ақша иеленуші жеке тұлғалардан электрондық ақшаны сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға. Осы Келісім шеңберінде Агент функцияларын Оператор жүзеге асырады.

**Анықтап тану деректері** - Клиенттің мобильді қосымшасын сервистеріне қол жеткізуі және/немесе электрондық ақшамен операциялар жасауы үшін қолданылатын бірегей пайдаланушы аты (логин), күпия сөз (password) және/немесе PIN код және/немесе Раставу коды. Анықтап тану деректері Клиентті "Simply/Симпли"/Менің "Beeline-ым" мобильді қосымшасы сервисінде тіркеу кезінде беріледі.

**Бонус** – Оператормен Клиенттердің пайдаласына өзекті маркетингтік бастамалар шеңберінде есептейтін қосымша сыйақы, көтермелеу, ұстемеақы. Бонустар Клиентке және/немесе "Simply/Симпли"/Менің "Beeline-ым" мобильді қосымшасының пайдаланушысына бонустардың рефералды және коалициялық серіктестік бағдарламаларының катысушысы ретінде есептеледі. Бонустар Оператормен Клиенттің бонустық шотына және бонустардың рефералды және коалициялық бағдарламасына катысушыларға есептеледі және олармен осы Келісімде белгіленген тәртіппен және шарттарда пайдаланылады.

**Бонустың негізгі міндеті** - Компания мен серіктестердің өнімдерін сатып алуға, Компания мен серіктестердің қызметтерін пайдалануға тұракты қарым-қатынасты көтермелеу және ынталандыру.

**Бонустық шот** - Оператормен бонустарды есептеу мен пайдалануды есепке алу үшін ашатын ішкі (техникалық) шот.

**Көшірме** - Оператормен белгіленген нысан бойынша қалыптастырылатын, Simply электрондық эмияныңдағы Клиенттің операцияларын көрсететін көшірме.

**Ақпараттық пакет** – Оператормен Пайдаланушыға ақпараттық-анықтамалық материалдарды, оның ішінде Пайдаланушыға төлемдер/аударымдарды жүзеге асыру мақсатында Пайдаланушыға

қолжетімді ақша қаражатының көлемі туралы ақпаратты ұсынуға бағытталған, Пайдаланушы жасаған және алған жүзеге асырылған операциялар шоттарында көрсетілетін қызмет және т.б..

**Клиентті сәйкестендіру** – Оператордың ішкі құжаттарымен бекітілген рәсімдер негізінде Клиенттің жеке басын анықтау / растау.

**Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)** – Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы жеке тұлға үшін қалыптастыратын және Клиенттің жеке басын куәландыратын құжатта немесе үәкілетті мемлекеттік орган берген өзге де құжатта көрсетілетін бірегей нөмір.

**Клиент / Пайдаланушы** - Есептік жазбаны басқару, Есептік жазбаның Тенгерімінде Электрондық ақшага қол жеткізуі жүзеге асыру мақсатында, Электрондық ақшаны сатып алу, төлемдерді және/немесе аударымдарды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тиісті әрекетке қабілеттілігі мен құқық қабілеттілігі бар, олармен осы Келісімді жасауға бағытталған конклюденттік іс-әрекеттер жасаған және пайдалану үшін Төлем сервисіне қол жеткізу үшін анықтап тану деректері бар жеке тұлға.

**Коалициялық бейілділік бағдарламасы** - әр түрлі тауарлар мен қызметтерді сатушыларды бірыңғай жене әрекеттердің өзара әрекеттесуі мен өзара есеп айырысу қағидаларын анықтайды.

**Растау коды** – Төлемді және/немесе аударымды растау мақсатында Оператормен Клиентке оның абоненттік нөміріне SMS/PUSH-хабарлама арқылы ұсынылатын цифрлардың бірегей реттілігі.

**Код сөзі** – бұл Клиенттің міндетті сәйкестендіру белгілерінің бірі, электрондық Simply әмияның ұстаушысының шот туралы ақпаратты (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей) алған және/немесе Мобильді қосымшаның чатында операциялар жасаған кезде оның жеке басын қашықтықтан тексеру мүмкіндігі үшін қолданылады. Код сөзі Клиентпен Мобильді қосымшада дербес орнатылады.

**Логин** — Пайдаланушының Қазақстандық ұялы байланыс операторларының Абоненттік нөміріне сәйкес келетін таңбалардың 10 таңбалы цифрлық комбинациясы.

**Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату)** - қылмыстық құқық бұзушылықтардан түсетін кірістерді білдіретін мүлікті айырбастау немесе аудару түрінде мәмілелер жасау арқылы қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті заңды айналымға тарту немесе егер мұндай мүлік қылмыстық құқық бұзушылықтардан түсетін кірісті білдіретіні белгілі болса, мұндай мүлікті иелену және пайдалану, оның шынайы сипатын, көзін, орналасқан жерін, билік ету, орын ауыстыру тәсілін, мүлікке немесе оның тиесілілігіне құқықтарын жасауру немесе жымқыру, сол сияқты қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті жария етуде делдал болу;

**Simply/Симпли мобильді қосымшасы (Мобильді қосымша)** — өзіне-өзі қызмет көрсетудің және сервистер мен қызметтерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі, ол арқылы Пайдаланушыға тіркеу рәсімінен кейін өзінің электрондық әмияның басқару мүмкіндігі беріледі. Әмиянды басқару дегеніміз - қызметтерді қосу/өшіру, Simply электрондық әмияның шығару, Мобильді қосымша арқылы электрондық Simply әмияның пайдалану, әмиянды және электрондық Simply әмияның бұғаттау/бұғаттан ашу, лимиттерді басқару, әмияндағы электрондық ақшаны басқару, пайдаланылған қызметтер бойынша мәліметтерді алу, сондай-ақ басқа да әрекеттер жасау.

**Хабарландыру** – әмиянның нөмірін көрсете отырып, электрондық әмиянды ашу туралы, есептен шығару жөніндегі операциялар (Сервис Операторының пайдасына төлемді есептен шығару жөніндегі операцияларды қоспағанда) және Пайдаланушының Есептік жазбасын толықтыру жөніндегі операциялар туралы Оператордың техникалық құралдары арқылы Пайдаланушының Есептік жазбасын тіркеу кезінде көрсетілген абоненттік нөмірге Пайдаланушыға қысқа мәтіндік хабарламаларды/хабарландыруларды (PUSH/SMS-хабарламаларды) жіберу жөніндегі Сервис Операторы.

**«КАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС операторы** – электрондық ақшаны пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыру кезінде қалыптастырылатын ақпаратты жинауды, өңдеуді және беруді қоса алғанда, электрондық ақша жүйесінің жұмыс істейін, сондай-ақ электрондық ақша әмитентімен (әмитенттерімен) жасалған шартқа сәйкес электрондық ақша жүйесінің жұмыс істей қағидаларын айқындастын Қазақстан Республикасының төлем ұйымы. Оператор электрондық Simply әмияның және Мобильді қосымшаны сүйемелдеуді және қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

**Құпиясоз** — Пайдаланушы өзі анықтайтын (бастапқы тіркеуді қоспағанда) Мобильді қосымшага кіруге арналған сандық код.

**Клиенттің дербес деректері** – Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Оператордың ішкі құжаттарына сәйкес электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық

тасымалдағышта тіркелген жеке тұлғаға қатысты немесе олардың негізінде айқындалатын мәліметтер.

**Төлем субагенті** - Клиенттің төлем сервисіндегі электрондық әмиянын толықтыру мақсатында төлем агентімен жасалған шарт талаптарында Электрондық ақшаны іске асыру бойынша төлем сервистерін жүзеге асыратын заңды тұлға және/немесе жеке кәсіпкер.

**Төлем** - Клиенттің төлемді және/немесе аударымды Алушы алдындағы қаржылық міндеттемелерін етеу мақсатында Клиенттің Эмитент атына ақпарат беру және Электрондық ақшаны пайдалана отырып, есеп айырысуды жүзеге асыру жөніндегі операция.

**Мобильді қосымшаның төлем сервистері (Simply/Симпли/Менің "Beeline-ым")**

**(Төлем сервисі немесе Мәнмәтінге байланысты сервис)** - Клиентке мынадай қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдардың, құжаттаманың және ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралардың жиынтығы:

- Төлемдер және/немесе аударымдар жасау мақсатында Есептік жазбага қол жеткізуінде жүзеге асыру бойынша;
- жасалған Төлемдер және / немесе аударымдар туралы шоғырландырылған ақпаратты жинау, ондеу, сақтау және ұсыну бойынша;
- жасалған операциялар, сондай-ақ жоғарыда аталғандармен тікелей байланысты және оларды дұрыс көрсету үшін қажетті өзге де ақпараттық-технологиялық қызметтер туралы Төлемдерді және/немесе аударымдарды алушыларды хабарлар ету бойынша (Клиенттің тапсырмасы бойынша). Төлем сервисі Пайдаланушының есептік жазбасын тіркеуге, сондай-ақ оны басқаруға мүмкіндік береді. Сервистің жұмысын ұйымдастыруды және Тараптардың өзара құқықтары мен міндеттемелерін есепке алу бойынша қызметтер көрсетуді Сервис операторы жүргізеді.

**Пайдалануши Есеп жазбасының тенгерімін толтыру (Электрондық әмиянды толтыру)** —<sup>1</sup> бұл Пайдаланушының (ол уәкілеттік берген өзге тұлғаның) осы Келісімде көзделген тәсілдердің бірімен Пайдаланушының Есептік жазбасы Тенгерімінде қалдығын ұлғайту мақсатында ақша қараждатын енгізу.

**Пайдалануши құрылғысы** — берілген пайдалануши ақпаратын беру немесе қабылдау үшін байланыс сигналдарын қалыптастыратын Android, IOS операциялық жүйесімен алдын-ала орнатылған смартфон немесе планшет түрінде жеке пайдалануға арналған байланыс құралы.

**Жүйенің қағидалары** - Мобильді қосымшада <https://kempay.kz/ru/doc> / веб-сайтында орналастырылған "КАЗЕВРОМОБАЙЛ" ЖШС Төлем ұйымының қызметін жүзеге асыру қағидалары.

**Тіркеу** — Мобильді қосымшаға тіркелу үшін Логин мен Құпия сөзді бірінші енгізу.

**Әмиян деректемелері** – Клиентті Мобильді қосымшаға тіркеу кезінде электрондық әмиянға берілетін сандардың бірегей тіркесімі (сәйкестендіру нөмірі).

**Жүйе операторының сайты (веб-сайт)** — [www.simply.cards](http://www.simply.cards) Simply өнімі жөніндегі ақпаратты орналастыру болігінде және [www.kempay.kz](http://www.kempay.kz) Компанияның жария құжаттамасы мен ақпараты болігінде.

**Белсенді Пайдалануши мәртебесі** - төлем сервисін пайдалану кезінде жасалатын өзге де іс қымылдарды есепке алмағанда, қатарынан 12 қүнтізбелік ай ішінде кемінде бір рет Төлем және/немесе аударым жасау, оның ішінде Пайдаланушының Есептік жазбасын басқаруға бағытталған әрекеттерді жасау мақсатында, төлем сервисін пайдаланған Пайдаланушыға Оператор белгілейтін Пайдаланушының мәртебесі, жасалған төлемдер және/немесе аударымдар туралы шоғырландырылған ақпаратты алу, Оператордың атына өзге де ақпараттық сұраныстармен жүгіну.

**Белсенді емес Пайдалануши мәртебесі** - төлем және/немесе аударым жасау үшін Төлем сервисін пайдаланбаған және/немесе Пайдаланушының Есептік жазбасы бұғатталған жағдайда, Сервис Операторының талабына сәйкес құжаттарды ұсынбаған Пайдаланушыға Оператор белгілейтін Пайдалануши мәртебесі.

**Тариф** - белгілі бір төлем қызметі/төлем қызметтері үшін Оператормен белгіленген төлем.

**Тауар** - олардың арасында жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша жеке, отбасылық немесе үйде пайдалану үшін тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ Төлемді және/немесе аударымды алушылар түпкілікті тұтынушыларға (Пайдаланушыларға) өткізетін зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтар.

<sup>1</sup> Мәнмәтінге байланысты

**Сатуши/мерчант** (мәнмәтінге байланысты) - азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасқанда, Электронды ақшаның Эмитентімен немесе Электронды құжат айналымы жүйесіне қатысушы басқа банктермен жасалған шарт негізінде Электронды ақшаны төлем ретінде қабылданған жеке кәсіпкер және (немесе) заңды тұлға.

**Техникалық овердрафт** - Клиенттің қалауы бойынша емес, күтпеген техникалық ақауларға немесе қателіктеге байланысты шығыс операциялары сомаларының шоттың қолжетімді қалдығынан асып кетуіне байланысты туындайтын техникалық берешек.

**Есептік жазба** – Төлемдер және/немесе аударымдар жасау мақсатында Электрондық ақшаны сақтауды, оларға қол жеткізуі қамтамасыз ететін электрондық әмиян.

**Үәкілетті орган** - "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаржылық мониторингті жүзеге асыратын және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі өзге де шараларды қабылдайтын мемлекеттік орган.

**Терроризмді қаржыландыру** - ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті, мүлікке құқықты немесе мүліктік сипаттағы пайданы беру немесе жинау, сондай-ақ берілген мүлік көрсетілген ақпараттық, қаржылық және өзге де қызметтер террористік қызметті жүзеге асыру немесе террористік топты, террористік ұйымды, заңсыз әскери қуралымды қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын жеке тұлғага, немесе тұлғалар тобына не заңды тұлғага олардың қызметтінің террористік сипатын әдей түсініп жасаған адамға сыйфа тарту, айырбастау, қайырымдылық жасау, қайырымдылық көмек, ақпараттық және өзге де қызметтер көрсету немесе қаржылық қызметтер көрсету;

**Электрондық Simply әмияны ("Электрондық әмиян")** – оларға билік етуді қамтамасыз ететін электрондық ақшаны есепке алу және сақтау тәсілі;

**Электрондық ақша** - Электрондық ақша Эмитенттің электрондық нысанда сақталатын және сервистің басқа Қатысушылары төлем және/немесе аударым құралы ретінде қабылдайтын шартсыз және қайтарылмайтын ақшалай міндеттемелері.

**Электрондық ақша әмитенті (Эмитент)** – Электрондық ақшаны шығаруды және өтеуді жүзеге асыратын және Клиенттер жасайтын Төлемдер және/немесе аударымдар бойынша есеп айырысууды қамтамасыз ететін екінші деңгейдегі банк.

**Message** - Пайдаланушының Сервиске қашықтан қол жеткізу мақсатында мобиЛЬДІ операциялық жүйелерді басқаратын Пайдаланушының абоненттік құрылғысы үшін мессендежер бағдарламасын пайдалана отырып, хабарлама жіберу арқылы төлем және/немесе аударым жасау туралы Пайдаланушының өкімін қуәландыру тәсілі.

**Push-хабарламалары** – Пайдаланушыға Оператордан МобиЛЬДІ қосымша арқылы Пайдаланушы құрылғысына келетін қысқаша қалқымаған хабарламалар.

**SMS-растамасы** - Пайдаланушыға Төлемді және/немесе аударымды раставу немесе Сервисте тіркеу үшін сервистік SMS-хабарламаларды жіберу жөніндегі Оператордың қызметі.

**SIM-карта** - ұялы байланыс абоненттің сәйкестендіретін және байланыс операторының қызметтеріне қол жеткізуі қамтамасыз ететін, ұялы байланыста қолданылатын абоненттің сәйкестендіру электрондық модулі.

**e-Otinish** - тұрлі сала сарапшыларының, сондай-ақ орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, орталық мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының тұрғындарымен/азаматтарымен сұрақ-жауап форматында тікелей өзара іс-қимылайна арналған платформа (<https://eotinish.kz/>).

Осы Келісімде анықтамалары мен мәндері көзделмеген терминдер, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жүйенің қағидасында осы терминдер үшін көзделген анықтама мен мәнге сәйкес түсіндіруге жатады.

## 2. Келісімнің мәні

### 2.1. Осы Келісімге сәйкес Оператор мыналар бойынша қашықтықтан қызмет көрсетеді:

- электрондық ақшаны пайдалана отырып, жасалатын төлемдерді қабылдау және өндеу бойынша,
- Клиент бастамашылық жасаған төлемдерді электрондық нысанда өндеу және төлем деректері бойынша төлемді және (немесе) аударымды жүзеге асыру немесе ақша қабылдау үшін қажетті

ақпаратты банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға беру бойынша, сонымен қатар

- Клиенттің Төлемді және/немесе аударымды, электрондық әмиянды беру және қызмет көрсету қызметін алушылардың пайдастына есеп айырысуды жүзеге асыруы мақсатында, төлем Сервисі шенберінде Электрондық ақшаны пайдалана отырып, операцияларды жүзеге асыру кезінде қалыптастырылатын ақпаратты жинау, өндеу және беру бойынша, ал Клиент осы қызметтерді қабылдайды және олар үшін сыйақыны осы Келісімде көзделген тәртіппен төлейді.
- 2.2. Осы Келісімнің шарттарын Клиент шарттарды акцепттеуге бағытталған конклюденттік іс-әрекеттер жасау арқылы оларға жалпы қосылу тәсілімен ғана қабылдай алады, осыдан кейін осы Келісім жасалды деп есептеледі, бұл жеке тұлғаның барлық шарттарды ешқандай алғы қоюсыз және шектеусіз толық және сөзсіз қабылдағанын растайды. Осы тармақ осы Келісімнің шарттары қабылданғанға дейін есептік жазбаны тіркеуді жүзеге асырган Клиенттерге қолданылмайды, мұндай Клиенттер үшін осы Келісімнің талаптары Электрондық ақшамен кез келген операция жасалған кезден бастап, оның ішінде есептік жазбаны басқару, ақпарат алу немесе сұраныс жасау және т.б. жағдайда күшіне енеді.
- 2.3. Электрондық әмиянды толтыру, төлемдер және / немесе аударымдар, өтеуге электрондық ақшаны ұсыну және электрондық ақшамен жасалатын өзге де операциялар Клиентпен осы Келісімде көзделген тәртіппен және шарттарда, ал осы Келісімде реттелмеген болігінде - Жүйенің қағидасында жүзеге асырылады. **Error! Hyperlink reference not valid.** Осы Келісімді оның шарттарын акцептеге тәсілімен қабылдай отырып, Абонент өзінің келісімін растайды және Жүйенің қағидасына қандай да бір алғы қоюсыз және шектеусіз толық көлемде қосылады.
- 2.4. Клиенттің осы Келісімге қосылу тәртібі:
  - 2.4.1. Осы Келісімге қосылу және Төлем сервисінде Есептік жазбаны тіркеу үшін Клиент Абоненттік нөмірді пайдаланады.
  - 2.4.2 Клиенттің осы Келісімге қосылуы Клиентті таныстыруды және оның осы Келісімнің шарттарымен, Жүйе қағидасымен келісуін білдіреді.
  - 2.4.3. Клиенттің осы Келісімге қосылу сәті Клиенттің мынадай әрекеттердің бірін жасау сәті болып саналады:
    - Жүйе Қағидаларына қосылу;
    - веб-сайтта немесе Пайдаланушы құрылғыларына арналған кез келген өзге ресурстарда немесе қосымшаларда осы Келісім мәтінінің қасында тиісті өрісте белгі (белгі қою) түрінде көрсетілген осы Келісімнің шарттарымен өз келісімін растау;
    - Мобильді қосымшаның көмегімен Сервисте Есептік жазбаны дербес тіркеуді жүзеге асыру.
  - Мобильді қосымша арқылы тіркелу үшін:
    - а) Мобильді қосымшаны орнату керек;
    - б) тіркеу нысанына Абоненттік нөмірді енгізу керек, тіркелу кезінде Клиентпен көрсетілген Абоненттік нөмір Сервисі пайдалану кезінде Пайдаланушы аты (Логин) ретінде қолданылатын болады.
    - в) Анықтап тану деректерін құрайтын SMS-растаманы алғаннан кейін мұндай деректерді тіркеу нысанына енгізу керек.
  - Клиент SMS-растамада Оператордан алған Анықтап тану деректерін дұрыс енгізгеннен кейін тіркеу аяқталды деп есептеледі.<sup>2</sup>
    - Сервисті пайдалану мақсатында Оператордың жарнамалық материалдары мен коммуникацияларында көрсетілген нөмірге SMS жіберу.
    - USSD мәзірінде Оператор көрсеткен пәрменді (көрсетілген санды теру) теру арқылы өз келісімін растау.
    - "КаР-Тел" ЖШС (ТМ Beeline) мобильдік қосымшасында осы Келісімнің шарттарымен өз келісімін растау және Абоненттік нөмірге есептік жазбаны кейіннен тіркеу.
    - осы Келісімнің өзекті нұсқасымен орналастырылған интернет желісінде мекенжайын көрсете отырып, осы Келісімге сілтемесі бар Оператормен өзге келісімдерге қол қою.

<sup>2</sup> Электрондық әмиянды ашқаннан кейін Клиент Мобильді қосымшаның жеке кабинетінде электрондық әмиянның сәйкестендіру кодын көрсете отырып, электрондық әмиянның электрондық ақша жүйесінде оған ашылғаны туралы хабарлама алады.

2.5. Оператор өз қызметін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үшінші тұлғаларды тартуға құқылы.

2.6. Осы Келісімге қосыла отырып, Клиент Операторға өзінің дербес және / немесе биометриялық деректерін жинауға және өндеге өзінің сөзсіз келісімін береді, оның ішінде:

- тегі, аты, әкесінің аты (соңғысы - бар болса);
- туған жылы, айы, күні, орны;
- жынысы;
- электрондық пошта мекенжайы (бар болса);
- жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН);
- ұялы телефон нөмірлері;
- тұрғылықты (тіркелген) мекенжайы,
- фотосуреттер / бейне;
- жеке басын қуәландыратын құжаттың деректері (олар ұсынылған жағдайда);
- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес өзге құжаттар,

мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асыруға, оның ішінде: (қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей):

дербес деректерді трансшекаралық тәсілмен беруді, дербес деректерді үшінші тұлғаларға және үшінші тұлғалардан (оның ішінде мемлекеттік Дерекқорының иелері мен операторлары, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ, Несиелік бюоролар, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері, микроқаржы ұйымдары, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымдық бөлімшелері/ұйымдары, байланыс операторлары және Оператор Клиенттің дербес деректерін өндеге үшін тартатын өзге де үшінші тұлғалар) (оның ішінде болашақта түсетін) беруді және алуды қоса алғанда, жинау, өндеге, жүйелеу, жинақтау, сактау, нақтылау (жанаңту, өзгерту), пайдалану, тарату, оның ішінде Оператор мен үшінші тұлғалар арасында, алдын ала скоринг және банктік қарызы беру шарттарымен осындай серіктестердің ұсыныстарын ұсыну үшін Оператормен шарттар жасасу, жасалған шарттарды орындау, Оператордың серіктестеріне (екінші деңгейдегі банктерге/микроқаржы ұйымдарына) дербес деректерді беру мақсатында иесіздендіру, бұғаттау, жою, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің өзге де талаптарын орындау мақсатында, қылмыстық жолмен алынған ақша қаражатын заңдастыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі нормативтік актілердің талаптарын орындау. Аталған әрекеттер автоматтандыру құралдарын қолдана отырып немесе онсыз жасалуы мүмкін. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Клиенттің дербес деректерін жинауға және өндеге келісім оларды жинау және өндеге мақсаттары үшін қажетті мерзім ішінде қолданылады. Клиенттің дербес деректерін жалпыға қолжетімді дереккөздерде тарату болжанбайды.

Осы Келісімге қосыла отырып, электрондық әмиянның қолжетімді тенгерімі, бонустардың қолжетімді тенгерімі, бірлескен ұсыныстар мен қызметтерді ұсыну мақсатында үшінші тұлғалардың мобиЛЬДІ қосымшаларында электрондық әмиянды пайдалана отырып, жүргізілген төлем операциялары бойынша деректерді қоса алғанда (бірақ олармен шектемей), Клиент электронды әмиян туралы ақпаратты Оператордың Клиентке көрсетуіне өзінің сөзсіз келісімін береді.

2.7. Осы Келісімге қосыла отырып, Клиент мына шарттарды түсінеді және қабылдайды:

а) МобиЛЬДІ қосымшадағы "Бізбен байланыс" бөлімі арқылы Компаниямен қашықтықтан өзара іс-қимыл туралы.  
б) осы Офертаның 2.7-тармағы а) тармақшасының шартымен келіспеген жағдайда, Компаниямен қашықтықтан өзара іс-қимылды "e-Otinish" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асыру.

2.8. Осы Келісімге қосыла отырып, Клиент Келісімнің 2.6-тармағында көрсетілген Келісімнің 5 (бес) жыл ішінде және/немесе Клиент "КАЗЕВРОМОБАЙЛ" ЖШС-не және байланыс операторларына жазбаша өтініш жолдау арқылы осындай келісімді кері қайтарып алған сәтке дейін қолданылады деген шартпен келіседі. Егер бұл Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келсе немесе оператор және/немесе байланыс операторлары алдында орындалмаған міндеттемелер болса, Клиент дербес деректерді жинауға, өндеге келісімін қайтарып ала алмайды.

2.9. Өз Келісімін қайтарып алған жағдайда, Оператор тарапынан Клиентке Сервисті ұсыну толық көлемде тоқтатылады.

- 2.10. Осы Келісімге қосыла отырып, Клиент Оператордың Жұмыскерлеріне құрметсіздік білдіретін іскерлік хат алмасу әдебін бұзуга жол беретін Қолдау чатында Оператордың Жұмыскерлерімен өзара іс-қимыл жасау, балағат сөздер айту және/немесе қорлайтын сөзбен және/немесе тонмен хат алмасу кезінде жол бермеу туралы шарттарды түсінеді және оны қабылдайды. Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, өз әрекеттері үшін ол үшін жағымсыз салдарға әкеп соғуы мүмкін жеке жауапкершілікті мойындайды.
- 2.11. Осы Келісімге қосыла отырып, Клиент болашақта кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында Төлем сервисін пайдаланбайтынын және қолданбайтынын, сондай-ақ Сервисіті Ушинші тұлғалардың мұндай пайдалануына ықпал етпейтінін растайды. Клиент Оператордың тіркелген жеке кәсіпкерлер болып табылатын жеке тұлғалармен олардың кәсіпкерлік қызметтін жүзеге асыру болігінде ынтымақтаспайтынын түсінеді және онымен келіседі және Клиенттің немесе үшінші тұлғалардың Клиенттің — жеке тұлғаның әмиянын пайдалана отырып, кәсіпкерлік қызметті жүргізуіне байланысты жасаған төлемдері, сондай-ақ осында жеке тұлғалардың міндеттемелері бойынша ешбір жағдайда жауапты болмайды.
- 2.12. Осы Келісімге қосыла отырып, Клиент SMS-хабарламаларды және өзге де хабарламаларды, Оператордың және оның серіктерінің жарнамалық-онын-сауық сипатындағы қоңырауларын алуға келісімін береді.
- 2.13. Электрондық әмиян жалақы мен алимент төлеуге арналмаган.
- 2.14. Электрондық әмиян қазақстандық тенгемен жүргізіледі.
- 2.15. Электрондық әмиян ұстаушы бір уақытта 1 (бір) артық Simply /Симпли электрондық әмияның иесі бола алмайды.
- 2.16. Осы Келісімге қосыла отырып, Клиент дербес деректерді беруге және/немесе электрондық әмиянга үшінші тұлғаға/үшінші тұлғаларға қол жеткізуге әкеп соққан іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті түсінеді және оны қабылдайды және бұл тұлғалар алынған мәліметтерді қылмыстық мақсатта пайдаланады, мұндай жағдайда, Клиент қылмыстық құқық бұзушылықты жасауга кеңестермен, нұсқаулармен, осы әрекетті жасау ақпаратын, құралдарын немесе аспаптарын ұсынумен немесе оны жасауға кедергілерді жоюмен көмектескен адам ретінде қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қомек көрсетуші, сондай-ақ орындаушыны, қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың құралдарын немесе өзге де құралдарын, осы әрекеттің іздерін немесе құқыққа қайши жолмен алынған заттарды жасыруға алдын ала үәде берген тұлға, сол сияқты мұндай заттарды сатып алуға немесе сатуға алдын ала үәде берген тұлға деп танылуы мүмкін. Қаскунемдерге дербес деректерді беруге және/немесе қылмыстық мақсатта пайдалану үшін электрондық әмиянға қол жеткізуге көрсеткен көмегі үшін "Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың түрлері" Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 28-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілік көзделген.
- 2.17. Осы Келісіммен Клиент төлем және (немесе) ақша аударымын жасау "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыштатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 28.08.2009 жылғы № 191-IV ҚРЗ Қазақстан Республикасы Заңының және Қазақстан Республикасының басқа да құқықтық актілерінің талаптарына қайши келмейтінін, халықаралық экономикалық санкциялардың қолданысқа енбейтінін, халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталмайтынын, террористік немесе экстремистік қызметті қаржыландыруға және терроризмге немесе экстремизмге өзге де көмектесуге байланысты емес және терроризмді немесе өзге де қылмыстық қызметті қаржыландыруға бағытталмайтынын растайды.

### **3. Электрондық ақшаны сатып алу және төлем сервисін пайдалану тәртібі.**

- 3.1. Оператордың осы Келісім бойынша тиісті қызмет көрсетуі мақсатында, Клиент Оператордың осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындауы басталғанға дейін осы Келісімде көзделген тәртіппен оның акцептін жүзеге асыруға және өз қалауы бойынша сомада Есептік жазбаның тәңгерімін толықтыруға міндеттенеді.
- 3.2. Сервисіті пайдалану мүмкіндігін алу үшін сервисте Есептік жазбаны дербес тіркеуді жүзеге асырганнан кейін (Ақпараттық пакетке кіретін қызметтерді қоспағанда) Клиент Эмитенттен/Агенттен / төлем субагенттінен Электрондық ақшаны мынадай тәсілдердің бірімен сатып алуға міндетті:
- а) банк картасынан электрондық ақшаны сатып алу;
  - б) Клиент электрондық әмиян бойынша "Beeline" мобильді қаржы сервистері" қосымша байланыс қызметтін пайдалануға келісімді іске асырған жағдайда, банкаралық есеп айырысу жүйелерінен

немесе басқа Simply электрондық әмияндарынан және/немесе Абоненттің Дербес шотынан (Beeline мобильді төңгерімі) қаржат аудару тәсілімен әмиянды толықтыру<sup>3</sup>;

- c) бір мезгілде Операторға Электрондық ақшаны сатып алу және Электрондық ақшамен операциялар жасау туралы нұсқау болып табылатын Абоненттік нөмірдің дербес шотынан өз шотына алғытөлем қаржатын қайтару туралы ұялы байланыс Операторына өкімдер ("КаP-Тел" ЖШС (TM Beeline) ұялы байланыс операторымен ұялы байланыс қызметтерін көрсетуге шарт жасасқан абоненттер үшін қолжетімді). Ұялы байланыс операторынан алғытөлем қаржатын қайтару арқылы электрондық ақшаны сатып алу онымен шарттық қатынастарда белгіленген шектеулерді ескере отырып жүргізіледі.
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және / немесе Жүйенің қағидаларында Клиенттің сәйкестендіру мәртебесіне байланысты Электрондық ақшаны сатып алу лимиттері белгіленеді.
- d) тағайындалған электрондық әмиянның нөмірін көрсете отырып, екінші деңгейдегі банктердің шоттарынан Оператордың IBAN шотына аудару арқылы жүзеге асырылады. Электрондық әмиян нөмірін көрсете отырып, көрсетілген IBAN шотына аударым жасау Клиент Операторға аударым сомасына электрондық ақшаны сатуға және электрондық әмиянға аударуға өкім береді (сәйкестендірілмеген клиенттер үшін қолжетімсіз). Клиент өзінің банктік шотынан аударым жасау арқылы Операторға Агент ретінде аударым сомасына электрондық ақшаны сатуға нұсқау береді. Қызмет көрсету мерзімдері, шектеулер және қайтару шарттары қызмет сипаттамасында Жүйе Операторының Сайтында көрсетілген.
- 3.3. Клиентке Есептік жазба берілген сәттен бастап соңғысының Оператордың тарифтері бойынша Мобильді қосымшаның ішіндегі тиісті бөлімдерде көрсетілген ақпараттық пакет және операциялар көлемінде қызметтерді алуға құқығы бар.
- 3.4. Төлем қызметінде Клиентке келесі қызметтер қол жетімді:
- 1) Агенттерден (Төлем Субагенттерінен) электрондық ақшаны сатып алу;
  - 2) Агентке/Төлем Субагентіне Электрондық ақшаны өтеу;
  - 3) тауарлар мен қызметтерді ұсынатын Мерчанттардың пайдасына Төлемдер және/немесе аударымдар жасау;
  - 4) жеке тұлғалар-Клиенттер арасында Электрондық ақша аударымдарын жүзеге асыру;
  - 5) электрондық ақшамен айырбастау операцияларын жүзеге асыру;
  - 6) ақпараттық қызметтерді алу: жасалған операциялар туралы ақпарат, өзінің электрондық әмиянның ағымдағы төңгерімінің жай-куйі, Электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеуіне қатысты анықтамалық және өзге де ақпарат;
  - 7) Электрондық ақша жүйесінде электрондық хабарламаларды басқа электрондық әмиян иелерімен бөлісу;
  - 8) Қазақстан Республикасының заңнамасы шенберінде Келісімде, Жүйе қағидаларында, Электрондық ақша жүйесіне қатысушылармен шарттарда көзделген өзге де операцияларды жүзеге асыру;
  - 9) Клиент "KaP-Тел" ЖШС ("Beeline" СБ) байланыс операторы ұсынатын ұялы байланыстың Дербес шотының төңгерімін толықтыру мақсатында Оператордан электрондық ақша агенті ретінде электрондық ақшаны сатып ала алады. Клиент өзінің банктік шотынан аударым жасау арқылы Операторға Агент ретінде электрондық ақшаны олардың номиналды құны бойынша тең аударым сомасына айырбастауға өкім береді және бір мезгілде Операторға сатып алынған электрондық ақшаны "KaP-Тел" ЖШС (Beeline СБ) Мерчанттына ұялы байланыс қызметтеріне ақы төлеуге аударуға өкім береді.
- 3.5. Белгіленген рәсім бойынша тіркеуден өткен жеке тұлға Электрондық ақша жүйесінде Электрондық ақшаның сәйкестендірілмеген иесі мәртебесін алады. Сәйкестендірілмеген Электрондық ақша иесі - жеке тұлға сәйкестендіру рәсімінен өтуі мүмкін. Жүйеде қолданылатын Электрондық ақшаны сәйкестендіру тәсілдері туралы ақпаратты Оператор Жүйе қағидаларында орналастырады.
- 3.6. Электрондық ақша жүйесінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес өзгеруі мүмкін, Клиенттер жасайтын Электрондық ақшамен жасалатын операциялардың түрлері мен сомалары бойынша мынадай шектеулер қолданылады (мұндай жағдайда, заңнама бойынша шектеулер төменде көрсетілген тармақтардан басым болады):
- 3.6.1. Сәйкестендірілмеген клиенттің электрондық әмиянна арналған:

<sup>3</sup> Қызмет тек "KaP-Тел" ЖШС (Beeline СБ) Клиенттері үшін қолжетімді

3.6.1.1. Бір операцияның ең жоғары сомасы 50 АЕК тең сомадан аспауы тиіс (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу еселенген көлеміне);

3.6.1.2. Бір электрондық құрылғыда (электрондық әмиянда) сақталатын Электрондық ақшаның ең көп сомасы 100 АЕК-ке тең сомадан аспайды (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген көлеміне);

3.6.1.3. Сәйкестендірілмеген Клиенттің пайdasына Электрондық ақшаны өтеуге тыйым салу;

3.6.2. *Женілдетілген сәйкестендірілген Клиенттің электрондық әмиянына арналған:*

3.6.2.1. Женілдетілген сәйкестендірілген Клиентпен жасалатын бір операцияның ең жоғары сомасы 100 АЕК-ке тең сомадан аспауы тиіс (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген көлеміне);

3.6.2.2. Женілдетілген сәйкестендірілген Клиенттің бір электрондық құрылғысында (электрондық әмиянда) сақталатын Электрондық ақшаның ең көп сомасы 300 АЕК-ке тең сомадан аспайды (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің үш жүз еселенген көлеміне);

3.6.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын ескере отырып және Электрондық ақша иесінің, оның ішінде Клиенттің Электрондық әмиянына берілген сәйкестендіру мәртебесіне байланысты Электрондық ақшамен жасалатын операциялардың түрлері мен сомалары бойынша өзге де шектеулер және оларды қолдану шарттары Оператормен орнатылады және Жүйе қағидаларында және [www.simply.cards](http://www.simply.cards) веб-сайтында орналастырылады.

3.7. Осы Келісімге косыла отырып, "KaP-Тел" ЖШС абоненті болып табылатын Клиент Электрондық әмиян бойынша Электрондық ақшамен төлемдер және/немесе аударымдар жасау үшін Мобильді қосымша сервисінде тіркелу кезінде көрсетілген Абоненттік нөмірдің дербес шотын байланыстыруға келісімін береді. Электрондық әмиянда ақша жеткіліксіз болған жағдайда, төлемге және/немесе аударымға бастамашылық жасаған кезінде, Абонент электрондық әмиянды әр жолы "KaP-Тел" ЖШС-нің нұсқауын бере отырып, толықтыруға, алғытөлем ақшалай қаражатты оның Абоненттік нөмірінің дербес шотынан Есептік жазбаға (электрондық әмиянға) қайтаруға құқылы және осылайша, Операторға осындай қаражат есебінен электрондық әмиянды (Есептік жазбаны) толтыру үшін Электрондық ақшаны сатып алуға және Төлем және/немесе аударым толық аяқталғанға дейін операциялар жасауга және электрондық әмиян бойынша операцияларды орындауға байланысты шығыстар мен берешектерді жабуға нұсқау береді. Абоненттік нөмірдің дербес шотын байланыстыру ажыратылған кезде электрондық әмияннан операцияларды Абонент электрондық әмияндағы ақша қалдығы шегінде жасайды. Оператор Клиенттің тіркеу деректерінің Абоненттік нөмірдің тіркеу деректерімен сәйкес келмейтінін анықтаған жағдайда, Оператор Абоненттік нөмірдің дербес шотының электрондық әмиянына байланыстыруды және/немесе сервиске кіруді біржакты тәртіппен өшіруге құқылы.

3.8. Оператордың Клиентті әр операцияның (Төлемнің және/немесе аударымның) жасалғаны туралы хабардар етуі Сервистің "Тарих" және "Хабарлама" бөлімінде ақпаратты орналастыру тәсілімен жүргізіледі. Пайдаланушы "Тарих" бөліміндегі ақпаратты өз бетінше тексеруге міндеттенеді. Егер Пайдаланушы "Тарих" бөлімінде операциялар жасау туралы ақпаратты тексермесе, Пайдаланушының операция туралы ақпаратты алмағанына байланысты Оператор жауап бермейді. Пайдаланушы осы Келісімді мойындауды және акцептпен "Тарих" бөлімінде операция жасалғаны туралы ақпаратты орналастырган сәттен бастап Оператордың Пайдаланушыны хабардар ету жөніндегі міндеттемесінің тиісті түрде орындалғанын растайды.

3.9. Компанияның ішкі құжаттарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен, Клиентке Компания тарифтеріне сәйкес қызметтер, оның ішінде бонус ұсынылады, соған сәйкес Компания Клиентке Клиент жасаған операциялар бойынша, оның ішінде Интернет арқылы белгілі бір соманы төлейді. Бонустарды беру шарттары Компанияның ішкі құжаттарымен айқындалады және Компанияның тиісті шешімінің негізінде Компаниямен біржакты тәртіппен өзгеріліу/толықтырылуы мүмкін. Бонустарды беру шарттары туралы ақпарат Компанияның сайтында орналастырылады.

3.10. Осы Келісім шенберінде ұсынылатын Оператордың қызметтері өтеулі қызметтер болып табылады. Клиент осы қызметтерге белгіленген Тарифтер көлемінде және тәртіппен ақы төлеуге міндеттенеді

3.11. Оператор мынадай жағдайда Электрондық ақшамен операцияларды жүргізуден бас тартуға құқылы:

- электрондық әмияндағы электрондық ақша қалдығынан асатын сомага аударымды жүзеге асыруға әрекет жасалған жағдайларда;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Операторда белгіленген лимиттен асатын сомаға операцияны жүзеге асыруға әрекет жасалған жағдайларда;
- Клиентті сәйкестендіру қажет болған жағдайларда;
- қаржы ұйымдарынан, төлем ұйымдарынан, ұялы байланыс операторларынан және қылмыстық қудалау органдарынан түскен алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша;
- операция жасау Операторға немесе үшінші тұлғаларға залал келтіруі мүмкін болған басқа жағдайларда.

### **3.12. Оператор:**

- 3.12.1. Клиенттен қызмет көрсету және Клиент жүргізетін операциялардың Қазақстан Республикасы заңнамасының қағидаларына сәйкестігін тексеру үшін қажетті кез келген құжаттар мен ақпаратты, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға, сондай-ақ санкциялар/экспорттық бақылау шаралары туралы қолданыстағы заңнамаға қарсы іс-қимыл туралы ақпаратты сұратуға;
- 3.12.2. Клиенттің жұмысын тоқтата тұруға, сондай-ақ, егер операцияны жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қазақстан Республикасының соттары мен басқа да құзыретті органдарының шешімдерінде, шетел мемлекеттерінің заңнамасында, халықаралық ұйымдардың актілерінде, халықаралық санкцияларда, қолданылатын санкциялар/экспорттық бақылау шаралары туралы заңнамада, шетел мемлекеттерінің соттары мен басқа да құзыретті органдарының шешімдерінде немесе олардың реңи түсіндірмелерінде тыбын салынса, немесе егер операцияға қатысуши/пайда алушы өздеріне қатысты халықаралық санкциялар немесе шетел мемлекеттерінің санкциялары қолданылған адамдардың тізбесіне енгізілген тұлға болып табылса, операция жасаудан бас тартуға;
- 3.12.3. "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында немесе Қазақстан Республикасымен ратификацияланған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда, Клиенттің нұсқауын орындаудан біржакты бас тарту жолымен Клиентке біржакты тәртіппен хабарлама жібермей, Клиентпен іскерлік қатынастарды себептерін түсіндірместен тоқтатуға.
- 3.12.4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерін заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес, Клиентке, оның өкіліне, бенефициарға тиісті тексеру және сәйкестендіру жүргізуіді жүзеге асыруға;
- 3.12.5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген негіздер бойынша электрондық әмиян бойынша операцияларды жасау туралы Клиенттің өкімдерін орындаудан себептерін түсіндірместен бас тартуға/тоқтата тұруға, сондай-ақ Оператор Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес
- 3.12.6. Клиент Операторға Клиент операцияларының қаржылық мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынбаған жағдайда, Клиенттің операцияларын жасауды себебін түсіндірместен тоқтата тұруға құқылы.
- 3.12.7. мынадай жағдайда қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы:
- Клиенттің немесе Клиенттің бенефициарлық меншік иесінің /немесе Клиенттің немесе Клиентті бақылайтын адамның кез келген уәкілетті тұлғасының деректері ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қатысы бар адамдардың тізбесінде, алаяқтар немесе жалған кәсіпкерлер тізімінде, санкциялық тізімдерде немесе экспорттық бақылау шаралары бойынша тізімдерде көрсетілген тұлғалардың деректерімен сәйкес келген кезде немесе санкциялар/экспорттық бақылау шаралары туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа жағдайларда;
  - Клиенттің резиденттік елі Оператормен ынтымақтастыққа жол берілмейтін/қолайсыз етегін немесе ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саясаты тиісті түрде іске асырылмаған санкциялар немесе өзге де шектеулер енгізілген елдердің тізбесімен сәйкес келген кезде;
  - Клиент негіzsіз себептер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, халықаралық талаптарға, Оператордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес болуы міндетті

оның сәйкестендірілуіне немесе ол жүргізетін операцияларға қатысты ақпаратты ұсынбаған кезде.

3.12.8. Клиенттің сәйкестендіру мәртебесіне қарамастан, осы Келісімде немесе Жүйенің қағидаларында тікелей көзделген жағдайларда жеке басын куәландыратын құжаттарды сұратуға, сондай-ақ:

- осындай куәлікті талап ететін қосымша қызметтерді қосу үшін;
- Операторда Клиент әрекеттерінің занылығына және Сервисті тиісінше пайдалануға күмән туындаған жағдайларда;
- Клиенттің іс-әрекеті Жүйе Операторының, Жүйенің басқа Қатысуышыларының немесе үшінші тұлғалардың мұдделерін қозғайтын басқа жағдайларда.

3.12.9. Оператормен электрондық әмияндарға ақшаны қате / дұрыс есептемеген жағдайда ақшаны есептен шыгарғанға дейін тиісті электрондық әмиянды және/немесе қате/қате есепке алу сомасын бұғаттауға. Осылай Операторға электрондық әмиянды және/немесе қате/қате есепке алу сомасын бұғаттауға келісімін береді (мұндай қате/дұрыс емес есептеу себебіне қарамастан).

3.12.10. Клиенттің келісімінсіз біржақты тәртіптегі бонустар мынадай жағдайларда жойылуы мүмкін:

- егер бонустар Клиенттің бонустық шотына қате аударылса, мұндай жағдайда, Оператор бонустық шоттан бонустардың қате есептелген сомасына тең бонустардың сомасын есептен шығарады;
- бұрын есептелген бонустар Бонустық шот бойынша соңғы операция жасалған күннен бастап 180 (жұз сексен) күн ішінде пайдаланылған жағдайда;
- электрондық әмиян бойынша операциялар болмаған жағдайда, соңғы операция жасалған күннен бастап 180 (жұз сексен) күн ішінде;
- техникалық себептерге байланысты (байланыс арналарының жұмысындағы ақаулар, сондай-ақ жабдықтар мен бағдарламалық қамтылымның техникалық және/немесе технологиялық істен шығуының өзге де жағдайларында);
- Клиент электрондық әмиянды пайдалану шарттарын немесе осы Келісімнің шарттарын және/немесе ҚР заңнамасының талаптарын бұзған жағдайда.

3.12.11. Оператор Қаржылық мониторинг жүргізу қорытындылары бойынша Клиенттерге/Мерчанттарға бонустар беру жөніндегі қатысуышыларды біржақты тәртіппен бағдарламадан шығаруға құқылы.

3.12.12. Осы Келісімнің "Клиент міндеттенеді" 3.14-бөлімінің 3.14.7-тармағына сәйкес ақпарат берілмеген және/немесе фактісі анықталған жағдайда Сервисті ұсынуды шектеу және/немесе Клиентті сәйкестендіру деңгейін өзгерту.

3.12.13. Оператор Клиент осы Келісімнің "Келісімнің мәні" 2-бөлімінің 2.10-тармағын бұзған жағдайда, Пайдаланушыны қосымша мекенжай хабарламасының Сервиске қолжетімділікті ұсынуды тоқтатуға құқылы.

3.12.14. Оператор осы Келісімнің 3.12 және 3.14.9-тармақтарын басшылыққа ала отырып, Клиенттің Абоненттік нөмірінің Дербес шотының ақшалай қаражаты есебінен жасалған операциялар бойынша Оператор алдындағы Клиенттің берешегін өтеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға құқылы.

3.12.15. Жедел хабарламаларды (мессенджерлер) жіберу жүйелерімен, Push/SMS-хабарламалармен, электрондық поштамен, Клиенттің тіркеу мекенжайына пошта жөнелтілімімен (қағаз тасымалдағышта), "e-Otinish" ақпараттық жүйесімен қоса, бірақ олармен шектелмей, Оператор Клиентпен қашықтықтан байланыс арналарының тізбесін біржақты тәртіппен айқындауға құқылы.

3.12.16. Клиент "Келісімнің мәні" 2-бөлімінің 2.10-тармағын бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің талаптарына сәйкес, Оператор Клиентке талап қою арқылы өзінің құқықтары мен мұдделерін қорғау үшін сотқа жүгіну, сондай-ақ залалдар мен сот шығындарын өтеуді талап ету құқығын өзіне қалдырады.

3.12.17. Оператор Клиентті кейіннен хабардар ете отырып, SMS/push-нотификациялар/Оператордың Интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру арқылы біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы (<http://www.simply.cards>):

- Оператордың тарифтері, электрондық әмиянды пайдалана отырып, операцияны жүргізуға арналған лимиттер мен шектеулер;
- Келісімде айқындалған қызмет көрсетудің өзге де шарттары.

- 3.12.18. Оператор осы Келісімнің 8.7-тармағында көзделген тәртіп бұзылған жағдайда, төлем және/немесе аударым бойынша электрондық әмиян Ұстаушының шағымын қарауды қабылдамауға құқылы;
- 3.12.19. Оператор мынадай жағдайда электрондық әмиянды, оның ішінде Келісімді біржақты тәртіппен кейіннен бұзу құқығымен бұғаттауға құқылы:
- Simply мобиЛЬДІ қосымшасы орнатылған смартфонның жоғалғаны/ұрланғаны туралы хабарламаны алған кезде, сондай-ақ электрондық әмиянға рұқсатсыз кірген кезде;
  - Оператор алдындағы кез келген міндеттемелер бойынша Клиенттің берешегі болған кезде;
  - электрондық әмиян бойынша алаяқтық операцияларды жүргізуге күдік туындаса;
  - 12 ай бойы электрондық әмиянды пайдаланбаса;
  - Келісімде және / немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.
- 3.12.20. Оператор осы шарттарда белгіленген электрондық әмиянды Ұстаушы міндеттемелерін орындаған жағдайларда, электрондық әмиянның күшін жоюға және Келісімді бұзуға құқылы;
- 3.12.21. Оператор Клиентке электрондық әмиян бойынша жүргізілген төлемдердің және/немесе аударымдардың даулы сомаларын мынадай шарттар сақталмаған жағдайда өтемейді:
- электрондық әмиянды пайдалану кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Келісімнің және/немесе Оператордың ішкі құжаттарының талаптары;
  - осы Келісімнің және Қағидалардың талаптарына сәйкес белгіленген лимит шегінде электрондық әмияннан төлемді және / немесе аударымды жүргізу шарттары;
  - операцияның орындалуын қамтамасыз ету үшін қажетті ақша сомасын МобиЛЬДІ тенгерімге немесе әмиянға уақытылы орналастыру шарттары,
  - егер тексеру нәтижесінде транзакцияны электрондық әмиянның занды Ұстаушысы болып табылмайтын тұлғаның жасағаны анықталса,
- 3.12.22. Оператор Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және/немесе Оператордың ішкі құжаттарына сәйкес келмеген жағдайда, электрондық әмиян бойынша шығыс операцияларын жүзеге асыруға тыбым салуға құқылы;
- 3.12.23. Оператор алаяқтық операцияларды болдырмау және Клиентті электрондық әмиянға рұқсатсыз кіруден қорғау мақсатында, төлемдердің және/немесе аударымдардың жекелеген түрлеріне лимиттер мен шектеулер белгілеуге құқылы;
- 3.12.24. Оператордың бастамасы бойынша электрондық әмиян бұғатталған жағдайда, Оператор хабарлау тәсілін (қашықтағы қызмет көрсету арналарында, PUSH немесе SMS-хабарламада жазбаша) таңдауға құқылы;
- 3.12.25. Оператор Клиентке электрондық әмиян бойынша лимиттер мен шектеулерді алыш тастаудан/өзгертуден бас тартуға құқылы;
- 3.12.26. Оператор мынадай жағдайда залалды өтеуден бас тартуға құқылы:
- егер Клиент электрондық әмиянды Пайдалану қағидаларын бұзған болса (электрондық әмиянға қолжетімділікті 3-ші (үшінші) тұлғаларға беру,
  - егер Клиент алаяқтық операцияларды жасауға ықпал еткен болса және т.б.).

### **3.13. Клиент:**

- 3.13.1. Операторға Қазақстан Республикасының заңнамасына, қолданылатын санкциялар/экспорттық бақылау шаралары туралы заңнамаға және / немесе Оператордың ішкі құжаттарына сәйкес ұсынуға талап етілетін операцияларға қатысты тиісінше ресімделген құжаттарды ұсынуға;
- 3.13.2. өзінің бенефициарлық иелері, Клиентті бақылайтын тұлғалар туралы ақпаратты қоса алғанда, Операторға Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл заңнамасының талаптарын орындау үшін, сондай-ақ қолданылатын санкциялар/экспорттық бақылау шаралары туралы заңнамаға сай қажетті ақпаратты беруге.
- 3.13.3. Операторға Қазақстан Республикасының төлем жүйелерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеуі, төлем жүйелерін реттеу және оларды қадағалау (оверсайт), төлем қызметтері нарығын реттеу және оны бақылау, сондай-ақ Қазақстан Республикасында төлемдерді және

- (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру саласындағы заңнамасының талаптарын орындау үшін қажетті ақпаратты беруге.
- 3.13.4. Операторға қызмет көрсету үшін дұрыс және толық ақпаратты (Т.А.Ә. (әкесінің аты – бар болса), жеке басын қуәландыратын құжаттың деректерін, ЖСН, БСН, электрондық пошта мекенжайын және оның ішінде "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-кимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген өзге де ақпаратты ұсынуға міндетті;
- 3.13.5. Операторға 5 (бес) жұмыс күні ішінде деректемелердің өзгеруі және өзгерілген деректемелер (Т.А.Ә., жеке басын қуәландыратын құжат, тұрғылықты жерінің мекенжайы, жұмыс орны және атқаратын лауазымы, азаматтығын/резиденттігін өзгертуі, ҚР ТЖК және/немесе өзге де елді таңдауы және т. б.) туралы ақпаратты жазбаша (Операторды Қолдау чатына) хабарлауға және беруге және Сервистің Мобильді қосымшасында сәйкестендіруден қайта өтүге міндеттенеді.
- 3.13.6. Клиент мәмілелерге тыыйым салынған немесе тиісті санкциялармен немесе экспорттық бақылау шараларымен шектелген санкцияларға немесе экспорттық бақылау шараларына жататын тұлға немесе субъект болып табылмайтынын мәлімдейді, қуәландырады және міндеттенеді.
- 3.13.7. Оператордың негізделген пікірі бойынша Оператор үшін қолайсыз салдарға әкеп соғуы мүмкін осы Келісімде баяндалған қуәліктердің және/немесе міндеттемелердің кез келгенін сақтамау, сондай-ақ Клиентті, оның лауазымды тұлғаларын, басшыларын, акционерлерін, бенефициарлық меншік иелерін, үлестес тұлғаларды шет мемлекеттердің санкциялық тізімдеріне қосу немесе санкциялар / экспорттық бақылау шаралары туралы қолданыстагы заңнамаға өзгерістер енгізу немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты санкциялар/ экспорттық бақылау шаралары туралы қолданылатын заңнаманың қолданылу аясын кенейту немесе басқаша өзгерту Операторға осы Келісімді біржақты тәртіппен дереу бұзуга құқық беретін елеулі бұзушылық ретінде қарастырылуы мүмкін.
- 3.13.8. Техникалық іркіліс және өзге де себептер нәтижесінде, электрондық әмияндарға ақшаны қате/дұрыс есептемеген және/немесе аударған жағдайда, Клиент Операторға қате/дұрыс есептелмеген немесе аударылған ақшаны Оператор хабарлаган күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде толық көлемде қайтаруға міндеттенеді (Оператор хабарлау тәсілін дербес таңдайды).
- 3.13.9. Оператор алдында туындаған берешекті уақытылы өтеу. Оператор құқылы, ал Клиент осымен Клиенттің абоненттік нөмірінің дербес шотының ақшалай қаражаты есебінен жасалған операциялар бойынша Оператор алдындағы берешекті өтеуге келісімін береді.
- 3.13.10. Электрондық әмиянды пайдалану кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Келісімнің талаптарын сақтау.
- 3.13.11. Осы Келісімнің және Қағидалардың талаптарына сәйкес белгіленген лимит шегінде электрондық әмияннан төлемді және/немесе аударымды жүргізу.
- 3.13.12. Электрондық әмиянның сақталуын, авторизациялық код пен код сөзінің құпиясын қамтамасыз ету. Оператордың жұмыскерлерін қоса алғанда, авторизациялық код туралы ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеу. Авторизациялық кодты және/немесе код сөзін телефон жазбаларына немесе үшінші тұлғалар үшін онай қол жетімді өзге де дереккөздерге жазуға тыыйым салынады.
- 3.13.13. Мобильді қосымшаны, логинді, код сөзін және авторизациялық кодтарды үшінші тұлғаларға пайдалануға беруге болмайды.
- 3.13.14. 3.13.12-тармақтан деректерді біреуге пайдалануға берген жағдайда, электрондық әмиянды пайдалана отырып, жұмсалған барлық ақша Электрондық әмиян ұстаушыға шартсыз тәртіппен жатқызылатын болады.
- 3.13.15. Мобильді қосымша орнатылған мобильді аппарат жоғалған немесе үрланған жағдайда, Операторды қолдау чатына және/немесе [simplysupport@kazeuromobile.kz](mailto:simplysupport@kazeuromobile.kz) электрондық мекенжайына электрондық әмиянды бұғаттау туралы жазбаша өтінішпен дереу операторға хабарласу керек .
- 3.13.16. Электрондық әмиян бойынша алаяқтық операциялардың алдын алу мақсатында, Оператордан тиісті жазбаша хабарлама немесе SMS - хабарлама (хабарлау тәсілін Оператор өзі таңдайды) алған кезде электрондық әмиянды пайдалануды тоқтату керек.
- 3.13.17. Салық органдарымен барлық есептерді өз бетінше жүргізу.

- 3.13.18. Оператордың электрондық әмиян Ұстаушысының кінәсінен және/немесе электрондық әмиянды бұғаттауга байланысты шеккен барлық шығындары мен сот шығындарын сөзсіз тәртіппен өтеу.
- 3.13.19. Алаяқтық операциялардың алдын алуға қатысты Оператордың ұсыныстарын орындау.

#### **4. Кәмелетке толмаған тұлғаның төлем Сервисін пайдалану шарттары.**

- 4.1. Егер олар төлем Сервисін пайдаланса және толық әрекет ету қабілеттілігі басталғанға дейін өз табысы (мысалы, стипендия, табыс және т.б.) есебінен шағын тұрмыстық сауда мен сатып ауларды төлеу кезінде төлем жасаса, жеке тұлғалар 16 (он алты) жасқа толған кезде Клиенттер мен электрондық әмиянның Ұстаушылары бола алады.
- 4.2. Кәмелетке толмаған Клиент Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және осы Келісімнің Жүйе қағидаларын, талаптарын сақтауга міндеттенеді.
- 4.3. Кәмелетке толмаған Клиент Сервисін пайдалана отырып жасаган әрекеттерінің салдары үшін дербес жауап береді және Операторға және/немесе үшінші тұлғаларға келтірілген барлық залалдарды өтеуге міндеттенеді.
- 4.4. Кәмелетке толмаған Клиент осы Келісімге қосыла отырып, заңды өкілдерден осы Келісімді жасасуға және орындауга, оның ішінде ұялы байланыс операторымен ұялы байланыс қызметтерін көрсетуге шарт жасасуға қажетті келісімдерді алғанын растайды және Оператордың және/немесе үшінші тұлғалардың алдында келтірілген залалдардың толық көлемінде осы тармақтың шарттарын бұзғаны үшін жауапты болады.

#### **5. "КаР-Тел" ЖШС (Beeline СБ) ұялы байланыс операторының бейілділігінің коалициялық бағдарламаларында Пайдаланушының есептік жазбасын пайдаланудың арнағы режимі**

- 5.1. Оператор Simply/Симпли Пайдаланушыларының есептік жазбаларын қолдана отырып, "КаР-Тел" ЖШС (Beeline СБ) ұялы байланыс операторы бейілділігінің коалициялық бағдарламаларын іске асыру қызметтерін ұсынады, бұл ретте Пайдаланушы төмендегілермен келіседі:
  - 1) Пайдаланушылар осы Келісімнің 2.2-тармағында көзделген іс-әрекеттер жасалған сәттен бастап "КаР-Тел" ЖШС (Beeline СБ) ұялы байланыс операторының коалициялық бейілділік бағдарламаларына қосылады.
  - 2) Коалициялық бейілділік бағдарламаларының бизнес-қағидаларын ұйымдастыруши және меншік иесі "КаР-Тел" ЖШС (Beeline СБ) ұялы байланыс операторы болып табылады.
  - 3) Ұялы байланыс Операторы "КаР-Тел" ЖШС (Beeline СБ) байланыс операторының қаражаты есебінен Абоненттің қолма-қол ақшасыз операцияларды жүзеге асырғаны үшін Абоненттің Дербес шотына коалициялық бейілділік бағдарламаларының сыйақы сомаларын есептеуді жүргізеді, ол ҚР Салық кодексінің 319-бабының 46-тармағына сәйкес жеке тұлғаның табысы ретінде қаралмайды.
  - 4) Пайдаланушы бір мезгілде Операторға Электрондық ақшаны сатып алу және Электрондық ақшамен операциялар жасау туралы нұсқау болып табылатын Абоненттік нөмірдің дербес шотынан өз шотына қаражатты бір мезгілде аудару туралы тұрақты қолданыстағы өкімді береді. Ұялы байланыс операторынан алғытөлем қаражатын қайтару арқылы электрондық ақшаны сатып алу онымен шарттық қатынастарда белгіленген шектеулерді ескере отырып жүргізіледі.
  - 5) Пайдаланушының есептік жазбасынан қаражатты қолдану Пайдаланушының сәйкестендіру деңгейімен анықталатын көлемде және тәсілдермен ұсынылады.

#### **6. Оператордың Сервис Пайдаланушыларының дербес деректерін өндеу**

- 6.1. Сервис Пайдаланушыларының дербес деректерін өндеу мынадай қағидаттарды сақтай отырып жүргізіледі:
  - заңдылықты;

- нақты, алдын ала белгіленген және заңды мақсаттарға қол жеткізе отырып, дербес деректерді өндеуді шектеу;
  - дербес деректерді жинау мақсаттарына сәйкес келмейтін дербес деректерді өндеуге жол бермеу;
  - өндеу бір-бірімен үйлеспейтін мақсаттарда жүзеге асырылатын, дербес деректері бар дерекқорларды біріктірге жол бермеу.
- 6.2. Оператор тарапынан Пайдаланушылардың дербес деректерін өндеу процесінде дербес деректерді оларға заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, дербес деректерді жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, ұсынудан, таратудан, сондай-ақ дербес деректерге қатысты өзге де заңсыз әрекеттерден қорғау үшін қажетті және жеткілікті құқықтық, ұйымдастыруышылық және техникалық шаралар қабылданады.
- 6.3. Пайдаланушылардың дербес деректерін өндеу кезінде дербес деректерді өндеу процесіне тікелей тартылған тұлғалардың дербес деректері бар ақпаратқа қол жеткізген кезде дербес деректер субъектілерін иесіздендіруге бағытталған технологиялық және техникалық құралдар мен технологиялық шешімдер пайдаланылады.
- 6.4. Пайдаланушылардың дербес деректері қолданыстағы заңнамада белгіленген құқықтық және нормативтік-техникалық талаптарға сәйкес сақталады. Оператордың барлық ақпараттандыру объектілері ұйымдастырылған қорғалған байланыс арналары бар сегментtelген қорғалған периметрде орналастырылған.
- 6.5. Оператор пайдаланушылардың дербес деректерінің биометриялық және арнайы санаттарын өндеуді жүзеге асырады.
- 6.6. Пайдаланушы өзінің дербес деректері өзгерген кезде мұндай өзгерістің оларға өзінің дербес деректерін бастапқы беру сияқты шарттармен орын алатынымен келіседі, қосымша келісімді ресімдеуді талап етпейді және өзгертілген дербес деректер бастапқыда ұсынылған дербес деректермен бірдей тәртіппен өндөледі.
- 6.7. Осы бөлімде немесе қолданыстағы заңнамада тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Оператор МобиЛЬДІ қосымшаның функционалына қол жеткізу кезінде өндөлетін пайдаланушылардың дербес деректерінің толық құпиялышығына кепілдік береді және оны қамтамасыз етеді.
- 6.8. Оператор қаржылық қызметтерді, сондай-ақ оның серіктестері мен мемлекеттік органдарының қызметтері мен сервистерін ұсыну, оның ішінде МобиЛЬДІ қосымшаны орнату және пайдалану және оларға қол жеткізуді жүзеге асыру, Пайдаланушыға қызметтерді көрсету, сондай-ақ Пайдаланушылармен жасалатын шарттарды тиісінше орындау үшін ақпаратқа ие болады немесе оны жинайды.
- 6.9. Пайдаланушиның атына ақпараттық, жаңалықтар және жарнамалық таратылымдарды жүзеге асыруды Оператор Пайдаланушиның осындай таратылымдарды алуға келісімі болған жағдайдағана жүргізеді. Пайдаланушы кез келген уақытта ол қол қойған немесе басқаша түрде келісімін берген кез келген хабарламадан бас тарта алады.
- 6.10. Оператор Пайдаланушылардың дербес деректерін мынадай жағдайларда үшінші тұлғаларға беруге құқылы:
- Пайдаланушы мұндай әрекеттерге анық келісімін білдірді.
  - Берілуі Пайдаланушымен жасалған шартты орындау үшін қажет.
  - Берілуі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген.
- 6.11. Пайдаланушы кез келген уақытта Оператордан өзінің дербес деректерін өндеуді тоқтатуды талап етуге құқылы.
- 6.12. Оператор Сіздің деректеріңізді мынадай мақсаттарда өндейді:
- заңнама талаптарын сақтау және орындау мақсатында,
  - алаяқтықтың, қызметтерді дұрыс пайдаланбаудың алдын алу үшін шағымдарды қарауға, берешекті өндіріп алуға және заң процестеріне байланысты Оператордың мемлекеттік органдар алдындағы міндеттемелерін орындау мақсатында,
  - деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында.

## **7. Төлем төлеу сервисі қызметтерін көрсетуді тоқтату, қауіпсіздік және жауапкершілік.**

- 7.1. Пайдаланушы құпиялылықты сақтау, рұқсатсыз пайдаланудың алдын алу және өзінің Анықтап тану деректерін 3 (үшінші) тұлға тарарапынан рұқсатсыз кіруден қорғау бойынша барлық қажетті шараларды дербес қабылдауға міндеттенеді. Пайдаланушы өзінің анықтап тану деректерін, Есептік жазба байланған абоненттік нөмірі бар SIM-картаны, сондай-ақ осы SIM-карта орнатылған Пайдаланушы құрылғысын 3 (үшінші) тұлға үшін қолжетімсіз жерде сақтауға міндетті.
- 7.2. Пайдаланушы өзінің Анықтап тану деректерін және/немесе код сөзін 3 (үшінші) тұлғаларға бермеуге міндеттенеді. Клиенттің Пайдаланушы құрылғысы немесе SIM-картасы жоғалған, үрланған немесе өзге де жағдайларда оның иелігінен шықкан жағдайда, Клиент осы Пайдаланушы құрылғысын және/немесе SIM-картаны үшінші тұлғалардың пайдалануына байланысты барлық тәуекелдерді жүйенің Операторына қашықтықтан клиенттерге қолдау көрсету қызметі арқылы хабарлау сәтіне дейін, Мобильді қосымшадағы немесе веб-сайттарғы автоматтандырылған аймақ арқылы осы үшін арнайы арналған өтініш нысанын пайдалана отырып, хабарлама жіберу арқылы алады.
- 7.3. Пайдаланушы төлем Сервисіндегі барлық операциялардың Пайдаланушы дұрыс анықтап тану деректерін, растау кодтарын немесе Message-төлемді растау және/немесе Авторизация процесінде аударым арқылы берілген пәрмендерді енгізген жағдайда ғана жүргізілетініне өзінің келісімін хабарлайды және оны растайды.
- 7.4. Пайдаланушы Сервис мерзімі аяқталған немесе күші жойылған жағдайда, оның құпия сөзін дербес өзгертуге міндеттенеді. Құпия сөзді өзгерту Сервисте тіркелген сәтте көрсетілген Абоненттік нөмірді пайдалана отырып жүзеге асырылады.
- 7.5. Пайдаланушы кез келген уақытта жүйе Операторының қолдау чатына және/немесе [simplysupport@kazeuromobile.kz](mailto:simplysupport@kazeuromobile.kz) электрондық мекенжайына жүгіне отырып, Сервисті пайдалануға қол жеткізуіді уақытша бұғаттауды жүзеге асыра алады.
- 7.6. Операторда осындай Пайдалануышының анықтап тану деректерін пайдалана отырып, Пайдалануышының Есептік жазбасына үшінші тұлғалардың рұқсатсыз кіруіне (рұқсатсыз кіруіне әрекет жасауына) құдік туындаған жағдайда, немесе Құпия сөздің қолданылу мерзімі өткен жағдайда, Жүйе Операторы пайдаланушыға құпия сөзді өзгертуді ұсынады, бұл туралы Жүйе Операторы Сервисте тіркелген сәтте Пайдаланушы көрсеткен Абоненттік нөмірге SMS-хабарлама/Push-хабарламасы арқылы Пайдалануышын хабардар етеді. Бұл ретте жүйе Операторы өз қалауы бойынша Сервисті пайдалануды тоқтата тұруға құқылы.
- 7.7. Пайдалануышының Есептік жазбасын Сервисте тіркеу кезінде, Пайдалануышыға Сервисті пайдалана отырып жүзеге асырылатын Төлемді және/немесе аударымды SMS-пен растау қызметі автоматты түрде қосылады. Жүйе Операторында Пайдаланушы жасаған Төлемнің және/немесе аударымның және дұрыс анықтап тану деректерін енгізуінде зансыздығына құдік туындаған жағдайда, Оператор SMS-пен растау қызметін көрсету шеңберінде Пайдалануышыға растау кодын жібермеу құқығын өзіне қалдырады. SMS-пен растау қызметі өтеуесіз болып табылады және Сервисті пайдалана отырып Төлемдерді және/немесе аударымдарды жүзеге асырудың қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында, Пайдалануышыға ұсынлады. Операторда үшінші тұлға Пайдалануышының есептік жазбасына рұқсатсыз қол жеткізді деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған жағдайда, Оператордың SMS-пен растау қызметін ұсынуды тоқтата тұруға құқығы бар. Оператордың Пайдалануышыға SMS-пен растау қызметін ұсынуды қайта бастауы оның міндеті емес, құқығы болып табылады.
- 7.8. Мынадай жағдайларды қоспағанда, жүйе Операторы Пайдалануышының деректеріне, сондай-ақ Пайдалануышының Сервисті пайдалануына байланысты Операторға белгілі болған Пайдаланушы туралы өзге де ақпаратқа қатысты құпиялылықты сақтауға міндеттенеді:
- мұндай ақпарат жалпыға қол жетімді болған кезде;
  - ақпарат сұраныс бойынша немесе Пайдалануышының рұқсатымен ашылған кезде;
  - ақпарат Пайдалануышының контрагенттеріне осы Келісімнің таланттарын орындау үшін қажетті көлемде ұсынылуы тиіс болған кезде;
  - ақпарат Қазақстан Республикасының заннамасында көзделген негіздер бойынша немесе құдік тұғызатын мәмілелер бойынша немесе сottың немесе үәкілдегі мемлекеттік органдардың тиісті сұраныстары келіп түскен кезде жария етуді талап еткенде.
- 7.9. Оператор кез келген уақытта Пайдалануышының қосымша мекенжай хабарламасының Сервисті пайдалану қауіпсіздігінің қосымша шараларын әзірлеуге және қолданысқа енгізуге құқылы. Осындай қосымша қауіпсіздік шараларын енгізу және осындай шаралардың енгізілуіне

байланысты Пайдаланушылардың іс-әрекеттері туралы (егер бұл қолданылса) Оператор хабарламаны Жүйе Операторының Сайтында / Мобильді қосымшада орналастырады.

- 7.10. Оператор кәмелетке толмаган Клиенттер, сервиске алғаш рет қосылған Клиенттер және Клиенттердің өзге де топтары жасаған операцияларға лимиттерді КР заңнамасында және Компания қағидаларында айқындалған градацияға сәйкес белгілеуге құқылы. Бұл ретте Оператордың кінәсінен туындаған, Пайдалануши жүргізген транзакциялар бойынша лимиттер асып кеткен жағдайда, Оператор жауапкершіліктен босатылады.
- 7.11. Пайдаланушиның Есептік жазбасын тіркеу кезінде Пайдалануши көрсеткен Абоненттік нөмірдің күшін жоя отырып, үялды байланыс қызметтерін көрсету туралы шарт бұзылған жағдайда, Пайдалануши жоғарыда аталған жойылған Абоненттік нөмірді қамтитын анықтап тану деректері арқылы Сервисі пайдалануды тоқтатуға және осы Келісімді бұзуға міндетті. Операторда Абоненттік нөмірге қатысты үялды байланыс қызметтерін ұсыну туралы шарт бұзылды деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде, Оператор үшінші тұлғалардың Сервисте Пайдалануши және Төлем және/немесе аударым туралы ақпаратқа қол жеткізуін болдырмау мақсатында, алдын ала ескертусіз Пайдаланушиның Есептік жазбасына кіруді бұғаттауды біржақты тәртіппен жүзеге асыруға, Келісімнің қолданылу кезеңінде Пайдалануши жасаған Төлемдер және/немесе аударымдар туралы шоғырландырылған ақпаратты көрсетуді тоқтатуға, сондай-ақ, Есептік жазбага кіру үшін жоғарыда аталған жойылған Абоненттік нөмірді қамтитын Пайдаланушымен енгізілген анықтап тану деректерін қабылдамауға құқылы.
- 7.12. Пайдалануши осы бөлімде көзделген міндеттемелерді бұзған жағдайда, күдікті операцияларды жасауды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, сондай-ақ өзге де жағдайларда, Оператор өз қалауы бойынша Пайдаланушиның Сервисі пайдалануға рұқсатын қосымша хабарламастан бұғаттауға құқылы.
- Пайдаланушиның жіберілген бұзушылықты жою мерзіміне (Оператордың сұранысы бойынша құжаттарды / ақпаратты ұсынуды қоса алғанда) немесе
  - мерзімсіз, осы Келісімді біржақты тәртіппен бұза отырып, алдын ала ескертусіз.
- 7.13. Пайдаланушиға, Операторға, Эмитентке, Төлемдер және/немесе аударымдар бойынша есеп айрысуға қатысатын үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды қоса алғанда, залалдар үшін толық көлемдегі жауаптылық, Абоненттік нөмірді зансыз пайдаланған, үялды байланыс қызметтерін көрсету туралы шартты бұзу, Абоненттік нөмірді ауыстыру туралы Операторға хабарламаған жағдайларда, Пайдаланушиға жүктеледі.
- 7.14. Есептік жазбаны тіркегеннен кейін Сервисі пайдалану құқығы айрықша болып табылады және берілмейді. Клиент өзінің анықтап тану деректерін және/немесе кодтық сөзін үшінші тұлғага берген жағдайда, Клиент Сервисі пайдалана отырып, осындай үшінші тұлғалардың жасаған әрекеттері, сондай-ақ осындай үшінші тұлғалардың келтірген залалы үшін толық көлемде жауапты болады.
- 7.15. Оператор Сервисі пайдалану құқығын, анықтап тану деректерін, растау кодтарын, кодтық сөзді үшінші тұлғаларға берген жағдайда, немесе Операторға осы Келісімде немесе Жүйенің Қағидаларында айқындалған тәртіппен Сервиске немесе Есептік жазбага рұқсатыз кіру туралы, электрондық әмияндарды толтыру кезіндегі қателер, Төлем және/немесе аударым деректемелерінде немесе Сервистегі өзге де қате әрекеттер немесе операциялар туралы хабарланбаған жағдайда Пайдаланушиға келтірілген залал үшін жауапты болмайды. Осы Келісімнің шарттарымен келісе отырып, Клиент Есептік жазбага және/немесе электрондық әмиянға кіру үшін өз деректерінде құпиялылығы мен қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі міндетпен танысқанын растайды, жоғарыда аталған барлық міндеттемелерді өзіне қабылдайды және Электрондық ақшаны пайдалану кезінде келесі ықтимал тәуекелдермен танысады, атап айтқанда:
- возможная мошенническая деятельность третьих лиц, с Электронными деньгами Клиента, при передаче и получения Аутентификационных данных Клиента по незащищенным каналам;
  - Клиенттің әмиянын дер кезінде бұғаттау үшін анықтап тану деректерін жоғалту және осы факт туралы Операторға дер кезінде хабарламау мүмкіндігі;
  - Клиент Оператордың Операторға байланысты емес себептер бойынша Клиенттің және/немесе операциялардың деректерін зансыз ұстап алғаны және/немесе пайдаланганы үшін, сондай-ақ Клиенттің келісімімен операция деректерін пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың жасаған әрекеттері және/немесе мәмілелері үшін Оператордың жауапты еместігін растайды.

- 7.16. Оператор Мобильді қосымшаның және/немесе ЭА жүйесінің төлем сервистерінің уақытша жұмыс істемеуі, аппараттық немесе бағдарламалық құралдардың жұмысындағы іркілістер мен қателер, Оператордың кінәсінен болмаған Оператормен белгіленген лимиттердің іркілістері үшін жауапты болмайды және бұл жағдайда, Клиенттің ықтимал шығындары үшін жауапты болмайды.
- 7.17. Оператор осы материалдарды және/немесе ақпаратты алуға келіскең немесе үшінші тұлғалардың өзінің абоненттік нөмірі туралы деректерді алуға мүмкіндік берген, Клиентке үшінші тұлғалар жіберетін жарнамалық, ақпараттық және басқа материалдардың және (немесе) өзге де ақпараттың мазмұны мен нысаны үшін жауапты болмайды.
- 7.18. Клиенттің дербес деректерін пайдалануға байланысты емес мобильді қосымшаның және/немесе ЭА жүйесінің Төлем сервистерінің жұмысына араласуға бағытталған үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері жағдайында, Оператор осындай әрекеттерді жүзеге асыру басталған сәтте, Клиенттің әмиян шотындағы сомасы шегінде Клиенттің шығындары үшін жауап береді.
- 7.19. Тараптар өздеріне мынадай міндеттемелерді қабылдайды:
- Сервис арқылы заңсыз қаржылық операцияларды, заңсыз сауданы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) жөніндегі операцияларды, терроризмді қаржыландыруды және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып, кез келген басқа операцияларды жүзеге асырмау;
  - Сервисі қәсіпкерлік қызмет үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тығым салынған тауарларға, жұмыстарға және/немесе қызметтерге ақы төлеуді қоса алғанда, қандай да бір заңсыз мақсаттар үшін пайдаланбау.
  - заңсыз сауданың, заңсыз қаржылық операциялардың, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға бағытталған операциялардың әрекеттерін болдырмау.
- 7.20. Пайдаланушының Сервисі түрде пайда табуға немесе кірісті жасыруға бағытталған операцияларды орындау үшін пайдалануға құқығы жоқ. Пайдаланушы лицензиялық талаптарды бұзғаны үшін тіркеусіз немесе тіркеу ережелерін бұза отырып, қәсіпкерлік қызметті жүзеге асырганы үшін заңнамада белгіленген жауапкершілік туралы біледі. Белгіленген тәртіппен тіркелген діни және қайырымдылық ұйымдарын қоспағанда, Пайдаланушының Сервисі кез келген адамдардың, оның ішінде коммерциялық емес және қоғамдық ұйымдардың саяси және қоғамдық қызметтің қаржыландыруға байланысты кез келген операцияларды жасау үшін пайдалануға құқығы жоқ. Оператор алдын ала ескертусіз біржақты тәртіппен Сервисі пайдалануға қол жеткізуінде бұғаттауды жүзеге асыруға және/немесе Пайдаланушылар осы тармақты бұзған жағдайда, осы Келісімді біржақты тәртіппен бұзуга құқылы.
- 7.21. Оператор Пайдаланушыға Сервисі пайдалана отырып, оның ішінде Пайдаланушының іс-әрекеттерінің заңдылығына күмән туындаған, сондай-ақ Пайдаланушының іс-әрекеттері осы Келісімнің шарттарына сәйкес келмеген жағдайда, Абоненттік нөмір және Пайдаланушы ұялы байланыс Операторымен жасасқан ұялы байланыс қызметтерін көрсету туралы қолданыстағы шарттың болуы туралы анық емес мәліметтерді хабарлауды қоса алғанда, Төлем /немесе аударым жасаудан бас тарту (Сервисі пайдалануға қол жеткізуінде бұғаттауды жүзеге асыру) құқығын өзіне қалдырады. Бұл ретте, Оператор Пайдаланушыдан мыналарды талап етуге құқылы:
- Сервисі (оның ішінде құжаттық, қағаз тасымалдағышты) пайдалана отырып, Пайдаланушының операциялары туралы қосымша ақпарат беруді;
  - Пайдаланушыны сәйкестендіретін деректерді көрсете отырып, құжаттарды ұсынуды (олардың нотариаттық көшірмелерін ұсынуды).
- 7.22. Оператор Пайдаланушының төлемді және/немесе аударымды, оның ішінде Төлемге және/немесе аударымға байланысты үшінші тұлғалардың комиссияларының құны, осындай мәміле бойынша төлемді қайтару және Пайдаланушы және/немесе алушы төлемді және/немесе қолданылатын салықтар мен алымдарды төлеуі бөлігінде, алушымен мәмілесінің жарамдылығын, оның шарттарын, сол сияқты, азаматтық-құқықтық мәмілені жасасу, орындау және бұзу фактісі мен салдарын реттемейді және бақыламайды. Сондай-ақ, Оператор алушының мәміле бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде сатып алынған тауарларды/қызметтерді Пайдаланушыға беру жөніндегі міндеттемелерін төлемді және/немесе аударуды орындауына (тиісінше орындауына) қатысты Пайдаланушының шағымдарын карамайды. Алушы Пайдаланушы сатып алған тауарлар және/немесе қызметтер үшін төлемді және/немесе ақша

аударымын қайтарған жағдайда, ақшаны қайтару Жүйенің қағидаларын ескере отырып, Пайдалануышының электрондық әмиянына жүзеге асырылады.

7.23. Оператор Клиенттің рұқсат етілмеген операцияны өтеу туралы жазбаша өтінішінің негізінде, рұқсат етілмеген Төлем және/немесе аударым фактісін анықтау бойынша шараларды қабылдайды және осындай өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде оған рұқсат етілмеген операция көлеміндегі ақша сомасын өтейді немесе рұқсат етілмеген операцияны өтеуден бас тарту туралы хабарламаны жібереді.

Үшінші тұлғалардан ақпарат алу немесе тексеру жүргізу арқылы қосымша зерделеу қажет болған жағдайда, Оператор өтінішті қарайды және ол бойынша 45 (қырық бес) күнтізбелік күн ішінде шешім қабылдайды, бұл туралы Клиентке хабарлайды.

Рұқсат етілмеген операцияны өтеуден бас тарту осы Келісімнің талаптарын, Жүйе Қағидаларын, Қазақстан Республикасы заңнамасын, санкциялар/экспорттық бақылау шаралары туралы қолданылатын заңнаманы бұзуды немесе оның Сервисті пайдалана отырып, алаяқтық операцияларға қатысуын растайтын негіздер, белгілер немесе фактілер болған кезде жүзеге асырылады.

7.24. Оператор Клиенттің өтініштерін осындай өтініштерді алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды. Клиентке өтініштерді қарau нәтижелері туралы, оның ішінде жазбаша нысанда (клиенттің талабы бойынша) ақпарат жіберіледі.

7.25. егер бұл орындалмау Келісім жасалғаннан кейін туындаған және қатарынан 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам уақытқа созылатын еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, оны Тараптар ақылға қонымды шаралармен болжай да, алдын ала да алмаса, Тараптар осы Келісім бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Мұндай төтенше жағдайларға мыналар жатады: су тасқыны, өрт, жер сілкінің және басқа да табигат құбылыстары, сондай-ақ Тараптардың осы Келісім бойынша міндеттемелерді орындауына тікелей немесе жанама кедергі келтіретін әскери іс-қимылдар, заң актілерінің, мемлекеттік органдардың үкіметтік қаулылары мен өкімдерінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінің күшине енуі, компьютерлік жүйелердің істен шығуы және Тараптардың ақылға қонымды бақылауынан тыс кез келген басқа да мән-жайлар. Өз міндеттемесін тиісінше орындағай алмайтын тарап, міндеттеменің орындауына кедергі келтіретін мән-жай мұндай мән-жайдың болжамды қолданылу мерзімі және тоқтатылуы туралы екінші Тарапқа дереу жазбаша хабарлауы тиіс. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының бар екендігінің тиісті дәлелі еңсерілмейтін күш мән-жайы немесе оның тікелей салдары болған елдің уәкілетті органының сертификаты немесе өзге де құжаты болып табылады.

7.26. Егер Оператор ресурстар немесе қызметтер кірістерді зандастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланылады деп негізді пайымдаса, Оператор тиісті ақпаратты Уәкілетті органға бере отырып, Пайдалануышының Сервисті пайдалануға рұқсатын қосымша хабарламасыз дереу бұғаттауға құқылы.

7.27. Оператор Қазақстан Республикасының Құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарының деректерінің негізінде террористік және экстремистік қызметке қатысы бар үйымдар мен тұлғалардың тізімінде болуына қатысты, Пайдалануышларға тұрақты негізде тексеру жүргізеді. Сәйкестіктер болған жағдайда, Оператор тиісті ақпаратты Уәкілетті органға бере отырып, Пайдалануышының Сервисті пайдалануға рұқсатын қосымша хабарламасыз дереу бұғаттауға құқылы.

## 8. Басқа ережелер, дауларды қарau тәртібі.

8.1. Осы Келісім Келісімнің 2.2-тармағында көрсетілген тәртіппен оның шарттары қабылданған сәттен бастап күшіне енеді және белгісіз мерзім ішінде немесе ол бұзылғанға дейін қолданылады.

8.2. Клиент кез келген уақытта Төлем Сервисін пайдалануға тыйым салуға және/немесе одан бас тартуға құқылы, бұл ретте Сервисті пайдалануды тоқтату Клиентті осындай пайдалануды тоқтатқанға дейін туындаған берешектен босатпайды. Осы тармақ бойынша Келісімнің нақты бұзылуы Тараптар арасындағы өзара есеп айырысулар аяқталғаннан кейін басталады.

8.3. Клиент үзінді көшірме қалыптастырылған күннен бастап 30 күнтізбелік күннен аспайтын, бірақ операция жасалған күннен бастап 45 күнтізбелік күннен кешіктірмей, электрондық әмиян

бойынша үзінді көшірмеге енгізілген сомаларға шағым жасауға құқылы. Сомаға шағым жасау қолда бар құжаттарды (шағым жасалған сомаға чекті) қоса бере отырып, электрондық әмиян Ұстаушының қолы қойылған Операторға жазбаша түрде өтініш беруі арқылы жүзеге асырылады;

- 8.4. Оператордың тарифтеріне сәйкес, осы Келісіммен және осы шарттармен Клиент Оператордың электрондық әмиян бойынша операцияларға шағым жасауы бойынша көрсеткен әр кызметтің уақытылы төлеуге міндеттенеді.
- 8.5. Клиент осы Келісімді Жүйе Қагидаларының талаптарын (7 "Төлем жүйесінде төлем қызметтерін тоқтату, қауіпсіздік және жауапкершілік тарауы, 7.11 тармағын) сақтай отырып, сондай ақ таңдалған тәсілдердің бірімен Оператормен бекітілген нысан бойынша электрондық ақша әмияның және электрондық төлем құралын жабуға өтініш беру арқылы бұзуга құқылы:
- МобиЛЬДІ қосымшадағ "Өтініштер" бөлімінде,
  - МобиЛЬДІ қосымшадағы "Бізбен байланыс" бөлімінде,
  - құжаттармен алмасу жүйелері арқылы<sup>4</sup>,
- ұялы байланыс операторымен ұялы байланыс қызметтерін көрсету шартының тоқтатылуына байланысты бұзуды қоспағанда,. Электрондық әмиянды жабу рәсімін Оператор электрондық әмиянды жабу туралы өтініш берілгеннен кейін 14 (он төрт) жұмыс күніне дейінгі мерзімде жүзеге асырады.<sup>5</sup> Сервисі пайдалануға байланысты берешегі болған жағдайда, Клиенттің келісімді біржакты тәртіппен бұзуына жол берілмейді.
- 8.6. Осы Келісім бұзылған кезде, электрондық ақшаны өтеу Жүйе Қагидаларының талаптарына сәйкес жүргізіледі.
- 8.7. Келісім Оператор мен Клиент арасындағы өзара есеп айырысулар толық аяқталғаннан кейін тоқтатылады. Келісімді бұзу және тоқтату электрондық әмиянды жабуға негіз болып табылады.
- 8.8. Пайдалануши Сервисі немесе осы Келісімді пайдалану шарттарын кез келген тәсілмен бұзған жағдайда немесе осы Келісімде немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша, Оператор Сервисі пайдалануға тыым салуға және/немесе осы Келісімді бұзуга құқылы. Оператордың бастамасы бойынша Шартты бұзған кезде Клиенттің берешегі болмаған кезде және Есептік жазбада электрондық ақша болған кезде, Оператор оларды Клиентке Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде Пайдаланушиның атына ашылған банктік шоттың деректемелері бойынша қайтаруды жүзеге асырады. Бұл ретте, бұрын бонустардың теңгеріміне есептелген бонустар өтеуге/қайтаруға/алып қоюға / аударуға жатпайды.
- 8.9. Тараптар осы Келісімді орындау барысында немесе оған байланысты туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер тәсілімен шешу үшін барлық құш-жігерін салады. Тараптардың бірі екінші Тарапқа даудың болуы туралы тиісті хабарлама жіберілген күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде дауды бейбіт келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаган жағдайда, осы Келісім шенберінде туындастын барлық даулар сот тәртібімен шешілуі тиіс. Іс жүргізу тілі орыс тілі болады. Осы Келісімнен туындастын құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес түсіндіріледі және реттеледі.
- 8.10. Тараптардың ешқайсысы осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз қандай да бір үшінші тарапқа бере алмайды.
- 8.11. Оператор Сервисі ұсынуды тоқтатуға немесе оны беру тәртібі мен шарттарын өзгертуге, осындағы өзгерістер мен толықтырулар күшінде енгінге дейін күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын Жүйе Операторының сайтында/МобиЛЬДІ қосымшада осындағы өзгерістерді/хабарламаларды орналастыру арқылы осы Келісімге біржакты тәртіппен өзгерістерді енгізуге құқылы. Сервисі пайдалануды жалғастыру Клиенттің Келісімге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен келісіүін және оларды толық және сөзсіз қабылдауын раставды.
- 8.12. Мынадай оқигалардың бірі басталған кезде Оператордың міндеттемелері тоқтатылды, ал осы Келісім автоматты түрде бұзылады деп есептеледі:
- a) белсенді емес Пайдалануши, нөлдік теңгерім мәртебесі берілген Пайдаланушиның есептік жазбасына қол жеткізгенде;
  - b) Пайдаланушиның Есептік жазбасы нөлдік теңгерімге ие Пайдаланушиға белсенді емес Пайдалануши мәртебесін беру кезінде.

<sup>4</sup> "КАЗЕВРОМОБАЙЛ" ЖШС-не құжаттарды (Өтініштер, хаттар/ұсыныстар және/немесе шағымдар мен өтінімдер) беру рәсімі мына сілтеме бойынша қолжетімді: [Кенсе | Simply](#) [Кенсе | Simply](#)

8.13. Клиент Оператордың веб-сайтына/МобиЛЬді қосымшасына жүгіну арқылы Сервистегі өзгерістер туралы ақпаратты дербес алады.